

ӘОЖ 578.88

«QAZAQSTAN» ҰЛТТЫҚ ТЕЛЕАРНАСЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРІНІСІ

Рахым Жібек Әділбекқызы
Ap.zhibek@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің 2-курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор С.Е.Тапанова

Бүгінде коммуникация мен ақпарат жаппай сипат алуда. Оның дамуы және өсуі қоғам дамуына негізгі айналады. Экономикалық өрлеудің кілтінде ақпараттық индустрия айналып үлгерді. Бұл орайда коммуникация түрлерін қолдану мақсатында күш пен қаражат жұмсап жатыр. Телевизия саласы ұлттық құндылықты дәріптеуде айтарлықтай рөл атқарады.

Жастарға әсер ететін – БАҚ. Ол өмірлік ұстанымын, өмір салты мен мәдениетін қалыптастырады. Өйткені, теледидар мен газеттерден келетін ақпарат әрдайым нақты немесе зиянсыз бола бермейді. Қоғам БАҚ арқылы қатыгездік, зорлық-зомбылық, жанжалдар мен өсекке көп мөлшерде куәгер болуды. Мәселелерді қатал күшпен шешу, материалдық байлыққа қол жеткізу және адал табыс табу, қажетті күш жұмсамай-ақ алға тартылады. Нәтижесінде, кейбір заманауи бағдарламалардың әсерінен жастар бұрыс құндылықтарды қалыптастырады. Сондықтан телевизия саласы қоғамда ғылыми дүниетанымды, белсенді өмірлік ұстанымды тәрбиелеу, оларға моральдық, қоғамдық және азаматтық нормалар мен құндылықтарды дарытуы қажет. Осындай рухани иммунитетпен байытылған адам сыртқы жағымсыз әсерлерге әлдеқайда қарсы тұрады және ұсынылған ақпаратты өз бетінше талдай алады. Себебі, бүкіл елдің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты мен дамуы көбінесе жас ұрпақтың білім деңгейі мен жеке моральдық жауапкершілігіне байланысты болары сөзсіз.

Қарапайым адам үшін телевизияның мәні мен құрылымы белгісіз. Егер адам белгілі бір оқиғалардың тікелей куәгері болмаса да телеэкрандағы бейне санамызда рас оқиға ретінде қабылданады. Сонымен қатар, егер қандай да бір оқиға орын алып, телевизия тарапынан бей-жай қалса, онда бұл оқиғаның мүлдем болғанына сенімсіздік тудырады. Телевизиялық шындық адам үшін өмір сүруге дағдыланған жалғыз нәрсе болып табылады. Шындықтың теледидарлық трансформациясы өзінің даму логикасы мен кеңістік-уақыттық сипаттамаларына ие. Біріншіден, теледидар біздің жеке назарымыздан тыс оқиғаларға назар аудара алады. Екіншіден, теледидар шындыққа терең еніп, оны өзгертуге және көрермендерге тек оның рас екендігін ұсынуға тырысады.

Әлеуметтік әлем туралы көзқарастар мен пікірлерді қалыптастыру – бұл коммуникация саласындағы профессор Георг Гербнердің басшылығымен американдық медиа зерттеушілер тобы жасаған "нанымдарды өсірудің" идеясы [1, 162 б.]. Оның негізгі идеясы -теледидар қоғамның негізгі әлеуметтік институты екендігінде. Теледидардың әсері нақты көзқарастар мен пікірлерді таратуда ғана емес, оларды өсіруде де көп. Теле-шоуларды

қарау көрерменге нақты күнделікті жағдайлар үшін дұрыс деп санайтын білім, сенім беретіндігінде. Телевизия санада мифологиялық ойлауын белсендіреді. Себебі телевизия аңыз жасаушылар, ал көрермендер оны тұтынушылар. Сонда тұтынушылар делдал болса, теледидар «зауытқа» айналады. Телевизияның тілі оңай және визуалы мен аудиосы жеңіл болғандықтан, онда манипуляцияның бар екендігін дәлелдейді. Бұл процесте сананы психикалық манипуляциялау технологиялары ерекше рөл атқарады. Телевизияны жою мүмкін емес, сондықтан бағдарламаларда ұлттық, тарихи құндылықтардың насихатталуы маңызды.

Телевизия психиканың келесі салаларына психологиялық әсер етеді[2]:

- 1) қажетті-мотивациялық (білім, сенім, құндылық, қалаулар мен тілектер);
- 2) интеллектуалдық-танымдық (сезім, қабылдау, бейнелеу, қиял, есте сақтау және ойлау);
- 3) эмоционалды-еріктік (эмоциялар, сезімдер, көңіл-күйлер, еріктік процестер);
- 4) коммуникативтік-мінез-құлықтық (қарым-қатынастың, өзара іс-қимылдың, өзара қарым-қатынастың, тұлғааралық қабылдаудың сипаты мен ерекшеліктері).

Жоғарыда айтылған әсерге қарамастан, қазір мемлекеттер жастарға ерекше көңіл бөлуде. Олардың бойындағы адами құндылықтарын ұмытылмауына және жойылмауына әрекеттенуде. Айталық, «Qazaqstan» ұлттық арнасы құндылықтарды насихаттауда алдыңғы орында. Сондай-ақ, 2017 жылғы статистикаға қарасақ, 96,25% ел аумағын телевизиялық және радиобағдарламалармен қамтуда.

Қазақ телевизиясының бүгінгіне үңілместен бұрын, оның тарихына үңіліп, алғашқы хабарларын қарастыру қажет. Ұлттық арна 1957 жылдың маусымында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болған Дінмұхаммед Қонаевтың шешімімен телевизия мен радиобағдар тарату Комитетін құру жайлы қаулыдан басталады. Қоғам қайреткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев : «Атқа мінген әкімнің үзеңгісін тең баспағанын бетіне бассаң бас, бірақ тарихқа, тағдырлас халыққа қиянат жасама» деген екен. Осы дана сөздерден тарихымыздың тамыры тереңде жатқандығын, тарихи құндылықтарды дәріптеуде еш кедергіге берілмегендіміз айқын көрініп - ақ тұр [3; 45-6]. Кеңес Одағының құлауы қазақ телевизиясының дамуына әсер етті. Себебі мемлекеттік арналардан өзге телеарналар пайда бола бастады. Саяси, экономикалық, шығармашылыққа жол ашылды. Нәтижесінде бәсекелестік артып, көрермен назарын аударуда түрлі бағдарламалар шығарылуына мүмкіндік туды. Телевизиядағы цензура азайып, бұрын соңды көрсетілмеген, рұқсат етілмеген тақырыптар мен жабық мәселелер айтыла бастады. Тікелей эфирдегі бағдарламалар көбейе түсті. Арналарда диалогқа қарағанда монолог артса, телефонмен байланысу сынды кері байланыс түрлері арта түсті.

1992 жылы Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық телерадиокомпаниясының алғашқы төрағасы болып Шерхан Мұртаза тағайындалды. Ол Қазақ КСР кезіндегі радио тарату мен телевизия Комитетінің орнына «Қазақстан» телерадиокомпаниясы құрылған шақ. Шерхан Мұртазаның «Ұлт және сана» бағдарламасы халыққа үміт, жас ұрпаққа сенім сыйлады. Бағдарламада Міржақып Дулатов пен өзге де ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен қоғам қайраткерлерінің ой мен идеялары насихатталды. Міне, солай көгілдір экран көрермені Ұлы дала төсінде ғажайып өнер туындылары өмірге келіп, көпшілікті құпиялы әлемнің ұлылықтарымен сусынданып жатты. Жыршылық, термешілік, айтыс, сатира, шешендік өнердің сан алуан көріністері бейнелі образға айналып, түрлене дамып, жылдар, ғасырлар керуенінің мән-мағынасын ұғындырса, айтыс уақыт ағымының ұлы істерін телеарна сахнасына өзімен бірге көтере алып шықты.

1997 жылы техникалық қиындықтарға қарамасан Ұлттық арна «Әнші Балапан», «Айтыс», «Бозбала мен бойжеткен» сынды бағдарламаларын түсірді. Олардың бірі бүлдіршіндерге, екіншісі ұлттық өнерді дәріптеп отырса, үшіншісі жастарды қамтып отырды. Солай 1997 жылы сигналды телекомпания орталығы шеткі аймақтарға телеқабылдағыштарға беріп, алғашқы ұлттық желі іске қосылған. 2001-2002 жылдарда телеарнада ребрендинг жүрді. Оны атауы мен логотипінен «1» санын алынып тасталуынан

байқауға болады. 2002-2006 жылдары ұлттық құндылықтарды насихаттайтын «Ақжүніс», «Лицо истины», «Күлтөбе», «Алтын қақпа», «Саят» бағдарламаларын дайындаған еді. Сондай-ақ, қазақ тілді журналистер саны артты. Көрермендердің көңілінен шыққаны – діни бағыттағы әндердің эфирде беріле бастауы.

2006-2007 жылдар аралығында жастарға арналған бағдарламаларды көбейді. Олар «Жас жігер» экспедициясының көмегімен әзірленді. Көрермен назарына «Открытый разговор», «Ақиқат пен аңыз», «Есінде ме, жолдас?», «Дидар» бағдарламалары ұсынылды. Сонымен қатар, «Күй керуен» фестивалі мен «Дала думан», «Ән айтыс», «Күй тартыс» сынды қазақ өлеідерін дәріптейтін бағдарламалар келді. «Қайырлы таң, Қазақстан!», «Тау тұлға», «Бастау», «Отау», «Кұрбы-құрдас» секілді жаңа әрі қызық жобалар туды. Елдегі маңызды оқиғалармен хабардар ететін апта сайынғы «Айна апта» бағдарламасы да көрермен көңілінен шығып отырды. Ұлттық құндылықтарды насихаттауда «Қымызхана», «Айтыс», «Көкпар» бағдарламалары тоқтатпады. ТМД елдерінің көрнекті тұлғаларын «Діңгек» бағдарламасы көрсетіп отырды. 2008-2011 жылдары «Толағай» жобасында отбасылар сайысы арқылы салауатты өмір сүруге насихаттаса, «Көкпар» бағдарламасы ұлттық ат спорт түрін дәріптеді. Сонымен қатар, «Екі жұлдыз» шоу жобасы өтті. Жоба 2010 жылдың басында басталып, 3 маусымына дейін жалғасты. «Қазақтың 100 әні» жобасы болды. Бұл уақытта ән мұрасын бір жүйеге келтіру үшін ауқымды талпыныстардың бірі еді. 2011 жылдың ақпанында тұсауы кесіліп, 9 шілдеде үздік әндер шырқауымен біткен еді. Онда Абайдан бастап, өзге де классиктердің әндері айтылды.

«Qazaqstan» ұлттық арна болғандықтан, халқымыздың төл өнерін насихаттауға ерекше көңіл бөлуі тиіс екендігі белгілі. Басқарма басшылығы, шығармашылық топ осыны есте естен шығарған емес. 2017 жылы да дәл солай болды. Қазақтың төл өнерін дәріптейтін «Мен қазақпын» музыкалық мега жобасы көптің көңілінен шықты. Бұл – халықаралық, барлық ұлттар мен ұлыстарды қамтыған жоба болатын. Ел ішінде танылмай жүрген хас таланттардың жарқырап топ жарып шығып, халыққа танылуға, олардың өрелі өнерлерін паш ету мақсатында дайындалған жобаны қолдаушылар мен тамашалаушылар аз болмағаны айтпаса да белгілі. Бір сөзбен айтқанда, «Мен қазақпын» - көрермендердің көзайымына айналған, телеарнада өзіндік орны бар, өзіне сай сипаты бар ұлттық телеарнаға тән бірегей бағдарлама болды. Ұлт руханиятына, мәдениеті мен әдебиетіне қалтқысыз еңбек етіп жүрген қайраткерлердің өмір жолын бүгінгі ұрпаққа насихаттау, дәріптеу мақсатын көздейді. «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының басқарма төрағасы Ерлан Тынымбайұлы Кариннің идеясымен «Мен Қазақпын» мега-жобасы құрылған болатын. Негізгі құндылық атадан балаға аманат етілген мұраның насихатталуын мақсат етті. Қазақстан бойынша дәстүрлі әнші-термеші, күйші, жыршылардың басын бір арнаға тоғыстырып, сол облыстағы ірге тепкен өнер мектептерінің таңдаулы туындыларын насихаттады. Тек өнерін бағалап қана қоймай, бүкіл Қазақстанға сол өңірдің тарихи – мәдени ескерткіштерді, мұражай – театрларды, сол өңірден түлеген абыздар, қарттар, ақсақалдарды, еліне еңбегі сіңген қайраткерлерді, қолөнер шеберлерін үлгі етіп, мәдени өмірлерімен таныстырды. Атадан қалған мұраны жаңғыртып, заман талабына сай етіп қазіргі ұрпақ санасына сіңдірді. Бұл телебайқау өткен аясында жыр-терме өнерінің қайта жанашаланып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленгені сөзсіз. Аталмыш телебайқау біз үшін, біздің еліміз үшін жетістік, үлкен алға басу.

Ұлттық арнада «Тар заман» атты телехикая да көрерменге жол тартқан болатын. Жанры бөлек ерекше тарихи, құнды телетуынды. Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатұлы бастаған Алашорда үкіметінің басынан өткерген қиын қыстау замандағы қара мен ақ күн басына туған шақтар туралы сомдалған. Барлығымызға белгілі Алашорда үкіметінің құрылымы, тарихы сонау тарих беттерінен белгілі. Әлихан мен Ахмет сынды тұлғаларымыздың ел үшін күресі. Сталинның Мәскеуге Алаш қайраткерлерін алдыруы, түрмедегі өмірлері туралы бейнеленді. Олардың үкімет ішіндегі алауыздығы, халықтың болашағын аландаған ел, ұлт ағаларының ерен еңбегі түсірілген болатын. Сол жылдардан бастау алған қақтығыстардың жемісі, жарқын бейнесі бүгінгі тәуелсіз ел болып

қалыптасуымызға басты себеп болды десек , артық болмас. Елі, жерін, тілі мен дінін сақтап қала алған ағаларымыздың өмірі туралы бір емес бірнеше бөлімді кино туынды жарыққа шықса да артық кеткендік емес.

Тағы сол сияқты бағдарлама «Жарқын бейне». Бағдарламаның ерекшелігі өмірден өткен танымал тұлғаларды студияда емес, олардың шаңырағында болып, олардың аманаттап кеткен еңбектері, қалдырған мұралары туралы жақындарымен сыр шерте отырып, оларды еске алу, тұлғаларды қазіргі буынға таныстыру, дәріптеу мақсатындағы бағдарлама. Хабарда ағаларға деген тағзым, құрмет, сағыныш, салиқалы ой, өзекті тақырыптар айтылады. Кейіпкердің жақыны, балалары, жары қол ұстасып бақытты жүрген күндерге, ортақ сүрген өмірлері туралы сырын ақтарып, қоғамға қатысты сынын білдіреді. Тек биография түрінде емес, қоғамда болып жатқан мәселелерді көтереді. Жан-жақты қарастыратын, сол бағдарламадан түйін таба алатын, шешімін жасай алатын халыққа пайдасын тигізе алатын жарқын бейнелермен кездесу.

«Рухани жаңғыру» мақаласы аясында сараптамалық, танымдық, көркем шығармашылық, ақпараттық бағыттағы материалдар жарияланды. Мысалы, түнгі эфирден шығатын «Нұр Тілеу» бағдарламасы. Бағдарламаның жалпы ұзақтығы – 30 минут. Әр аптаның бейсенбісінде эфирге шығады. Тізгінді танымал журналист, бұқаралық ақпарат құралдарында ұзақ жыл қызмет жасаған кәсіби мана Нұртілеу Иманғалиұлы. «Бай, қуатты болайық» тіркесімен көпішіліктің есінде қалған жүргізуші бұл бағдарламаның да шырайын аша түскендей. Кешкілік 23:30-да шығатын эфирді тамашалайтындардың аны көп. Жалпы мазмұнына келер болса мақала аясындағы зерттеу, қоғамдық-әлеуметтік тақырыпты зерттейді. Қазіргі экраннан шығып жүрген көптеген ток-шоулар мен даңғаз ойындарға қарағанда бағдарламаның берер тағылымы мол. Мысалы, «Нұр Тілеу» бағдарламасының ең алғашқы қонағы абайтанушы ғалым, профессор Мекемтас Мырзахмет. Екі тұлғаның бір толқында, бір арнада тоғысса отырып, Абай өмірін, шығармашылығы жөнінде пікір алмасуы, қазіргі жаһандану заманындағы «Рухани жаңғыру» жөніндегі ғалымның тұшымды пікірі бағдарламаның әрін аша түседі. Тарихи деректер мен дәлелдемелер, қазіргі қоғамда болып жатқан түрлі даулы мәселелер, Абайтанудағы кемшіліктер, биылғы аталып өтілетін мерейтой тұрғысындағы ұсыныстар барлығы 30 минуттық бағдарлама да айтылған[4].

Ұлттық арнадан шығатын тағы бір рухани бағдарламалардың бірі – «Мәдениет жауһарлары». 2019 жылдың күзінен бастап қалың көпшілікке жол тартқан бағдарламаның ұзақтығы 30 минут. Әр аптаның сенбісінде көгілдір экранға шығады. Бағдарламаның мақсаты: Әр өнер ордасының өзіне тән ерекшеліктерін айта отыра , сахна сыртындағы өмірді бейнелейді. Елбасының жаһандық мәдениетке ұмтылу үшін, алдымен өзіміздің рахни мәдениетімізді дамытуымыз керек деген сөзі бар. Сол мақсатты жандандыруға бағдарламаның қосы отқан үлесі зор. Өнер жұлдыздарының қажырлы еңбегі мен олардың қуаныш пен қиындыққа толы өмірлері туралы ақпар береді. Осы арқылы көрермен көрермен ұлттық және классикалық өнерді шебер тоғыстыра білген тамаша туындыны тамашалайды. Ақпараттық-танымдық жанрдағы бағдарлама түрлі қаладағы өнер тундыларын ұлттық арнадан насихаттайды. Жүргізушілері – Гауһар Төлекбай, Сәуле Алдамұратқызы.

«Menin Qazaqstanym» – ақпараттық –танымдық бағдарламасы. Ел тәуелсіздігін алғаннан бері шетелдің көбісі бізге үлен сенімсіздікпен қарады. Себебі, экономикасы құлдырап, рухани әлсіреген, көпұлты Қазақстанның бір идея аясында біріге алатынына сенбестік танытқан. Бірақ Елбасының саясатының арқасында біз бұл қиындықтардан абыроймен өттік. Қазір Қазақстанда тұратын әр азамат ұлытына қарамастан, осы жерді өзінің туған жері деп есептейді. «Рухани жаңғыру» мақаласында да тұтастық пен ауызбіршілік біздің басты байлығымыз екенін баса айтты. «Menin Qazaqstanym» бағдарламасы да о сы атамекенімізде өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдерінің тағылымды жолын насихаттайды. Сонымен қатар олардың мәдениетін, дәстүрін, қазақтың тарихына еңбегі сіңген азаматтардың өмірбаяны толық баяндалады. Өзгенің мәдениетіне сыйластықпен, құрметпен қарау рухани жаңғырғанымыздың белгісі [5].

Қазақстан ұлттық арнасы «Рухани жаңғыру» мақаласы аясында жүйелі және ауқымды жұмыс жатқан бірден-бір арна. Жоғарыдағы бағдарламадан бөлек, Жаңалықтар қызметінде, Таңшолпан бағдарламалырында күн сайын сұхбат, жарнама, ақпараттық, сараптамалық, есеп бойынша бір материалдан шығып отырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Gerbner G., Gross L., Morgan M., Signorelli N. Living with Television: The Dynamics of Cultivation Process // Perspectives on Media Effects / ed. by J. Bryant, D. Zillman. Hillsdale, N. J.: Erlbaum, 1986. P. 17-40.

2. Горбань И.Н. Телевидение как инструмент политического манипулирования // Вестник Адыгейского государственного университета. Сер. 2: Филология и искусствоведение. 2008. – № 6. – <https://cyberleninka.ru/article/n/televidenie-kak-instrument-politicheskogo-manipulirovaniya>

3. Жүнісбайұлы Н. Намыс жыртар ұл қайда ? – Алматы : Білім , 2003.

4. «Nur Tileu» сыр-сұхбат бағдарламасы/Нұр-Сұлтан. қ//-2019
<https://qazaqstan.tv/projects/nur-tiley/>

5. «Nur Tileu» сыр-сұхбат бағдарламасы/Нұр-Сұлтан. қ//-2019
<https://qazaqstan.tv/projects/nur-tiley/>